

## Жемдік астық бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 5 маусым N 261-ө

1. Бағалы асыл тұқымды шошқа басын сақтау мақсатында Қостанай облысы Урицкий ауданының әкімі мен шаруашылықтарының берген кепілдігімен 1:1, 1 ара қатынасында 1996 жылғы егіннен қайтару шартымен мемлекеттік ресурстан Қарағанды облысының "Волынский бекон" акционерлік қоғамына өткен жылдарғы өнімнен 4 мың тонна көлемде жемдік астық бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясымен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы және Қарағанды, Қостанай облыстарының әкімдері астықты желілік астық қабылдау кәсіпорындарына жеткізе отырып, оның 1996 жылғы 1 қарашаға дейін қайтарылуын қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр